

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 299 "Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 361 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2025 жылы 28 тамызда № 36710 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 299 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32748 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 46) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:".

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды жою департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрліктерінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 27 тамыздағы
№ 361 Бұйрығына қосымша

Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін қамтамасыз ету нормалары

p/c №	Атауы	Саны
1-Бөлім. Орта есеппен халықтың жан басына шаққанда азық-түлік өнімдері (грамм/тәулігіне)		
1.	Ұнға қайта есептегенде нан өнімдері	369,8
2.	1-сұрыпты байытылған бидай ұны	31,9
3.	1-сұрыпты байытылған бидай ұнынан пісірілген нан	259
4.	Қара бидай наны	102,8
5.	Макарон өнімдері	15,1
6.	Күріш	15,4
7.	Қарақұмық	7,5
8.	Сұлы жармасы	7,5
9.	Арпа жармасы	6,6
10.	Бидай жармасы	6,6
11.	Ұнтақ жарма	6,9
12.	Бұршақ	6,9
13.	Картоп	273,9
14.	Көкөніс	342,4
15.	Аққауданды қырыққабат	93,3
16.	Сәбіз	77,2
17.	Пияз	78,5
18.	Томат	18,5
19.	Қияр	18,5
20.	Қызылша	18,5
21.	Өзге де көкөністер	37
22.	Жемістер, барлығы	82,1
23.	Жас жемістер (алмалар)	43,1
24.	Кептірілген жеміс-жидектер	7,8
25.	Қант	58,3
26.	Ет және ет өнімдері	150,6
27.	Мал еті	110,3
28.	Құс еті	14,6
29.	Ет консервілері	7
30.	Ысталған шұжық	9,9
31.	Балық және балық өнімдері	12,3
32.	Жас немесе жаңа мұздатылған балық	9,7
33.	Балық консервілері	1,9

34.	Сүт қайта есептегенде сүт және сүт өнімдері	772,6
35.	Сүт (литр)	0,23
36.	Сүт консервілері	13,1
37.	Мәйек ірімшік	7,6
38.	Сары май	20,8
39.	Жұмыртқа (дана)	1
40.	Өсімдік майы	23,5
41.	Мал майы	4,9
42.	Шай	5,4
43.	Йодталған ас тұзы	6
44.	Ашытқы	0,1
45.	Дәмдеуіштер	0,1
2-Бөлім. Киім, ішкіім, аяқ киім		
1- Кіші бөлім. Ерлер		
1-Тарау. Жылдың жазғы уақытында		
46.	Шалбар (дана)	1
47.	Жейде (дана)	1
48.	Шұлық (жұп)	1
49.	Ішкіім (жинақ)	1
50.	Жазғы аяқ киім (жұп)	1
2-Тарау. Жылдың қысқы уақытында		
51.	Пальто, күртеше (дана)	1
52.	Костюм (дана)	1
53.	Жейде (дана)	1
54.	Ішкіім (ж-қ)	1
55.	Шұлық (жұп)	1
56.	Қысқы бас киім (дана)	1
57.	Қысқы аяқ киім (жұп)	1
58.	Қолғап, биялай (жұп)	1
3-Тарау. Жылдың көктемгі немесе күзгі уақытында		
59.	Плащ, күртеше (дана)	1
60.	Костюм (дана)	1
61.	Жейде (дана)	1
62.	Ішкіім (ж-қ)	1
63.	Шұлық (жұп)	1
64.	Бас киім (дана)	1
65.	Аяқ киім (жұп)	1
2-Кіші бөлім. Әйелдер		
1-Тарау. Жылдың жазғы уақытында		
66.	Көйлек (дана)	1
67.	Шұлық (жұп)	1

68.	Ішкіім (жинақ)	1
69.	Жазғы аяқ киім (жұп)	1
2-Тарау. Жылдың қысқы уақытында		
70.	Пальто, күртеше (дана)	1
71.	Көйлек, костюм (дана)	1
72.	Жейде (дана)	1
73.	Ішкіім (жинақ)	1
74.	Шұлық (жұп)	1
75.	Қысқы бас киім (дана)	1
76.	Қысқы аяқ киім (жұп)	1
3-Тарау. Жылдың көктемгі немесе күзгі уақытында		
77.	Плащ, күртеше (дана)	1
78.	Көйлек, костюм (дана)	1
79.	Ішкіім (жинақ)	1
80.	Шұлық (жұп)	1
81.	Бас киім (дана)	1
82.	Аяқ киім (жұп)	1
3-Бөлім. Ыдыс-аяқ, төсек жабдықтары, жеке гигиена заттары, жуу құралдары		
83.	Шұңғыл металл тостаған (дана)	1
84.	Қасық (дана)	1
85.	Сапты аяқ (дана)	1
86.	Төсек-орын жабдықтары орамалымен, бір адамға бір жиынтық	1
87.	Жеке гигиена заттары, бір адамға (жинақ)	1
88.	Шелек, 10 адамға (дана)	2
89.	Металл шәйнек, 10 адамға (дана)	1
90.	Сабын, айына адамға (грамм)	200
91.	Жуу құралдары, айына бір адамға (грамм)	500
4-Бөлім. Су		
92.	Ауызсу, тәулігіне адам басына литр (алымында 14 жастан және одан жоғары, бөлгішінде 1 жастан 14 жасқа дейін және бала емізетін аналар) (литр)	2,5/5, 0
93.	Тамақ дайындау, жуыну үшін (тәулігіне адам басына литр), оның ішінде:	7,5
	тамақ дайындау және асханалық ыдысты жуу;	3,5
	жеке ыдысты жуу;	1,0
	бетті және қолды жуу	3,0

94.	А д а м н ы ң санитариялық-гигиеналық қажеттілігін қанағаттандыру және ү й - ж а й л а р д ы ң санитариялық-гигиеналық жай-күйін қамтамасыз ету үшін, тәулігіне адам басына литр	21,0
95.	Кір жуатын және химиялық тазарту орындары, килограмға литр	40,0
5-Бөлім. Коммуналдық-тұрмыстық көрсетілген қызметтер		
96.	Шатырда орналастыру, адам басына м2	2,5 - 3
97.	Қол жуғыштар, адам басына 1 кран	10 - 15
98.	Дәретханалар, адам басына 1 дәретхана	30 - 40
99.	Моншалар және душтық құрылғылар, адам басына орын	0,007
100.	Кір жуатын орындар, тәулігіне 1 адамға кір киім килограммы	0,12
101.	Химиялық тазарту орындары, тәулігіне 1 адамға кір киім килограммы	0,0032
102.	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, 1 адамға орын	0,035
103.	Тұрмыстық жылу (тәулігіне 1 адамға отынның килограммы):	
	жазда: ең жоғары/ең төмен	1,95 /0,33
	қыста: ең жоғары/ең төмен	4,78 /0,41

Ескертпе: ерлер мен әйелдерді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін қамтамасыз ету нормаларына қосымшаға сәйкес азық-түлік өнімін алмастыру нормалары.

Төтенше жағдай аймағындағы
халықтың ең төменгі тіршілігін
қамтамасыз ету нормаларына
қосымша

1-Бөлім. Азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету нормалары							
1-Кіші бөлім . Ерлер							
		грамм/ тәулігіне					
Р /с №	Атауы	0,5-тен 4 жасқа дейін	5-9 жас	10-14 жас	15-19 жас	20- 59 жас	60 жас және одан жоғары

1.	1-сұрыпты бидай ұны	12,9	25,3	34,6	37,5	37,5	31,3
2.	1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	90,1	182,2	233,9	325,8	320	247,5
3.	Қара бидай наны	54	79,1	96,3	133,5	130,7	90,1
4.	Макарон өнімдері	10,7	14,5	16,5	18,6	18,4	14,1
5.	Күріш	9,2	12,2	15,7	20	20	15,3
6.	Қарақұмық	6,6	7,3	8,4	9,3	8,7	7
7.	С ұ л ы жармасы	6,6	7,3	8,4	9,3	8,7	7
8.	А р п а жармасы	5	5,2	7	8	7,5	6,1
9.	Б и д а й жармасы	5	5,2	7	8	7,5	6,1
10.	Талған арпа жармасы	11,6	8,2	7,8	7,4	7,2	5,5
11.	Бұршақ	2,4	4,9	6,1	9,3	9	6,9
12.	Картоп	138	254,2	291	334,7	327,3	282,2
13.	Аққауданды қырыққабат	29,2	69,7	88,3	122,2	116,1	94,2
14.	Сәбіз	71,2	75,8	84,9	90,6	84,4	68,9
15.	Пияз	12,9	53,9	85,2	106,6	103,6	75,4
16.	Томат	7,1	15,7	19,1	23,4	23,1	18,1
17.	Қияр	7,1	15,7	19,1	23,4	23,1	18,1
18.	Қызылша	7,1	15,7	19,1	23,4	23,1	18,1
19.	Өзге де көкөністер	8	31,5	39,5	47,4	47,4	38,4
20.	Ж а с жемістер	83,1	51,6	48,4	46,6	43,8	35,1
21.	Кептірілген жеміс-жиде ктер	6,9	7,1	7,7	8,4	8,8	7,6
22.	Қант	31,1	49,8	57,8	71,1	68,4	60,2
23.	Мал еті	59,6	88,6	110,8	137,9	132,8	102,8
24.	Құс еті	13	14,4	16	18,1	16,4	13,5
25.	Е т консервілер і	6,1	6,4	7,6	8,6	8,3	6,4
26.	Ысталған шұжық	2,4	6,4	9,5	13,4	12,6	9,5

27.	Жас немесе жаңа мұздатылған балық	7	9,3	10,5	12	11,6	8,1
28.	Сүт (л)	0,14	0,19	0,24	0,28	0,27	0,21
29.	Сүт консервілері	11,2	11,5	13,9	16,6	15,5	13,6
30.	Балық консервілері	1,2	1,5	2,1	2,3	2,3	1,6
31.	Мәйек ірімшік	6,8	7,5	8,8	9	8,2	6,6
32.	Сары май	17	18,8	21,5	24,6	23,5	18,9
33.	Жұмыртқа (дана)	1	1	1	1	1	1
34.	Өсімдік майы	11,3	19,9	22	29,3	27,7	21,9
35.	Мал майы	0	2,2	2,4	7,7	6,8	4,9
36.	Шай	1,4	3,6	5,7	6,5	6,8	6,5
37.	Йодталған ас тұзы	1,6	2,9	5,7	8	7,5	6,2
38.	Ашытқы	0,05	0,19	0,22	0,19	0,16	0,19
39.	Дәмдеуіштер	0	0,05	0,11	0,16	0,16	0,08
2-Кіші бөлім. Әйелдер							
40.	1-сұрыпты бидай ұны	9,6	22,1	25,2	34,4	34,4	28,2
41.	1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	84,1	170,4	208,3	282	276,2	221,3
42.	Қара бидай наны	51	67,5	82	104,5	101,6	87,2
43.	Макарон өнімдері	10,1	12,8	13,3	14	13,8	13
44.	Күріш	8,6	10,8	11,6	14,4	14,1	13,6
45.	Қарақұмық	6,3	6,4	7	7,2	6,9	6,4
46.	Сұлы жармасы	6,3	6,4	7	7,2	6,9	6,4
47.	Арпа жармасы	5	4,9	6,7	6,9	6,6	5,8
48.	Бидай жармасы	5	4,9	6,7	6,9	6,6	5,8

49.	Ұнтақ талған арпа жармасы	10,7	7,3	7	6,6	5,8	4,9
50.	Бұршақ	2,4	4,4	5,2	7,5	6,9	6,1
51.	Картоп	127,4	226,3	246	271,5	266,7	252
52.	Аққауданды қырыққабат	29,2	63,3	100,1	100,3	97,2	78,4
53.	Сәбіз	67,9	69,5	75,8	78,3	75,1	59,5
54.	Пияз	9,7	47,5	79,1	78,4	78,4	62,8
55.	Томат	6,7	13,8	16,3	18,1	18,4	15,9
56.	Қияр	6,7	13,8	16,3	18,1	18,4	15,9
57.	Қызылша	6,7	13,8	16,3	18,1	18,4	15,9
58.	Өзге де көкөністер	6,7	27,4	32,1	37,4	36,9	31,5
59.	Ж а с жемістер (алма)	75,5	45,8	39,8	35	35	30,7
60.	Кептірілген жеміс-жиде ктер	6,2	6,4	6,7	7,6	7,5	7,5
61.	Қант	28,2	44,2	49,7	60,2	60,2	49,3
62.	Мал еті	56,9	78,4	96	115,2	112,7	87,8
63.	Құс еті	12	12,2	14,1	14	14	11,6
64.	Е т консервілер і	5,5	5,6	6,7	6,6	6,6	5,6
65.	Жас немесе жаңа мұздатылға н балық	6,7	8,2	9,1	9,5	9,3	7,2
66.	Ысталған шұжық	2,4	5,6	8,7	10,2	10,3	8,4
67.	Балық консервілер і	1	1,3	1,7	1,9	1,8	1,4
68.	Сүт (л)	0,13	0,16	0,2	0,23	0,23	0,18
69.	С ү т консервілер і	10,6	10,9	12	12,2	11,9	10,9
70.	Мәйек ірімшік	6,2	6,6	7,4	7,9	7,6	5,7
71.	Сары май	15,6	16,6	18,8	21	20,8	16,4
72.	Жұмыртқа (дана)	1	1	1	1	1	1
73.	Өсімдік майы	11,3	16,6	19,3	25,2	24,6	21,1

74.	Мал майы	0	1,6	2,1	5,5	5,5	4,4
75.	Шай	1,4	2,8	4,6	6	5,7	4,6
76.	Йодталған ас тұзы	1,6	2,9	4,7	6,2	6,2	5,5
77.	Ашытқы	0,05	0,14	0,16	0,22	0,19	0,14
78.	Дәмдеуіштер	0	0,05	0,11	0,16	0,16	0,08

2-Бөлім. Азық-түлік өнімдерін алмастыру нормалары

	Атауы	Граммдағы көлемі	
	алмастырылатын өнімнің	алмастырушы өнімнің	
1.	Кебексіз қара бидай мен 1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан мыналармен алмастырылады:	100	
	қара бидайдан немесе бидай және 2-сұрыпты ұннан пісірілген кептірілген нан- мен;		60
	бидай және 2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген жай галеталармен;		60
	кебексіз қарабидай ұнымен;		42
	1-сұрыпты бидай ұнымен ;		28
	қытырлақ нандармен;		60
	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанмен;		95
	1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанмен		90
2.	1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген ақ нан мыналармен алмастырылады:	100	
	1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген кептірілген нанмен;		60
	1-сұрыпты бидай ұнымен ;		75
	1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген жай галеталармен;		65
	вафлимен;		55
	маймен жақсартылған галеталармен;		35

	1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген жай батондармен;		95
	жоғары сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанмен ;		85
	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанмен		105
3.	1-сұрыпты бидай ұны мыналармен алмастырылады:	100	
	күрішпен;		100
	макарон өнімдерімен;		100
	ұнтақ жармамен		100
4.	Әртүрлі жарма мыналармен алмастырылады:	100	
	пісіруді қажет етпейтін жармамен;		100
	күрішпен;		100
	макарон өнімдерімен;		100
	жармалық, көкөністік, жармалық-көкөністік концентраттармен;		100
	2-сұрыпты бидай ұнымен ;		100
	"Томат тұздығындағы бұршаққап, соя" консервілерімен;		200
	жас картоппен;		500
	консервіленген жартылай фабрикат табиғи картоппен (құйманы қосқанда);		500
	жас көкөністермен;		500
	тұздалған және ашытылған көкөністермен;		500
	кепкен картоппен және көкөністермен;		100
	құрғақ картоп езбесімен, картоп жармашасымен, картоппен және сублимация-лық кепкен көкөністермен;		100
	табиғи және маринадталған көкөніс және бұршаққапты		500

	консервілермен (құйма-ны қосқанда);		
	түскі астың етсіз бірінші тағамдардың көкөністік консервілермен;		375
	қоспалы көкөністік консервілермен;		250
	тіске басар көкөністік консервілермен		375
5.	Жас түйнекті пияз мыналармен алмастырылады:	100	
	кепкен түйнекті пиязбен;		50
	сублимациялық кепкен пиязбен;		5
	жасыл пиязбен;		100
	кепкен сарымсақпен;		25
	жас сарымсақпен		50
6.	Баспаланған ашытқы мынамен алмастырылады :	100	
	кепкен ашытқымен		50
7.	Ет (сиыр, шошқа, қой) мыналармен алмастырылады:	100	
	сүйекті ет кесектерімен;		100
	сүйексіз ет кесектерімен;		80
	бұғы етімен;		130
	1-санатты қосымша өнімдермен (соның ішінде бауырмен);		100
	2-санатты өнімдермен;		300
	ішек-қарны алынған құс етімен;		100
	жартылай ішек-қарны алынған және алынбаған құс етімен;		120
	сублимациялық және жылумен кептірілген етпен;		33
	пісірілген шұжықтармен және сосискамен (сарделькамен);		80
	ысталған етпен (ысталған шошқа етімен, төс етімен , орамалармен, жартылай ысталған шұжықпен);		60

	әртүрлі ет консервілермен;		60
	сүйекті құс консервілерімен;		100
	балықпен (суытылған, мұздатылған және тұздалған күйінде басы жоқ);		150
	әртүрлі балық консервілерімен;		120
	мәйекті қатты ірімшікмен ;		48
	балқытылған ірімшікмен;		72
	тауық жұмыртқасымен (дана)		2
8.	Шикі ысталған шұжық мыналармен алмастырылады:	100	
	пісірілген шұжықтармен;		265
	ысталған еттермен (ысталған шошқа етімен, төс етпен, орамалармен, жартылай ысталған шұжықпен);		200
	қатты мәйекті ірімшікпен		160
9.	Балық (суытылған, мұздатылған және тұздалған күйінде ішек-қарны алынған, басы жоқ) мыналармен алмастырылады:	100	
	кепкен балықпен және сублимациялық кептірілген балықпен;		33
	басы жоқ тұздалған майшабақпен бұзылу жағдайына қарамастан;		85
	әртүрлі балық консервілерімен;		80
	тіскебасар көкөніс консервілерімен		120
10.	Сиыр майы мыналармен алмастырылады:	100	
	стерильденген консервіленген маймен;		100
	құрғақ май концентратымен		70

11.	Шыжғырылған мал майы , маргарин мыналармен алмастырылады:	100	
	сиыр майымен;		67
	өсімдік майымен;		100
	шикі маймен;		130
	шошқа майымен		100
12.	Сиыр сүті (100 грамға 100 текше сантиметр сүт деп шартты түрде алынған) мы- налармен ауыстырылады:	100	
	құрғақ табиғи сүтпен, құрғақ қатықпен және сублимациялық кепкен ашыған сүт өнімдерімен;		15
	табиғи қоюлатылған қант қосылған сүтпен (100 грамға 100 текше сантиметр сүт деп шартты түрде алынған);		20
	стерильденген, қантсыз қоюлатылған сүтпен(100 грамға 100 текше сантиметр сүт деп шартты түрде алынған);		30
	табиғи кофемен немесе қоюлатылған сүтпен және қант қосылған какаомен;		20
	ашыған сүт өнімдерімен (айран, қатық, ацидофилин);		100
	кілегеймен;		20
	қаймақпен;		20
	құрғақ қаймақпен;		10
	ірімшікпен;		30
	сиыр майымен;		5
	балқытылған сиыр майымен;		5
	қатты мәйек ірімшікмен;		12
	балқыған ірімшікмен;		18
	тауық жұмыртқасымен (дана);		0,5
	қоюлатылған қант қосылған кілегеймен;		20
	сүзбемен		20

13.	Тауық жұмыртқасы (дана)) мыналармен алмастырылады:	2	
	жұмыртқа ұнтағымен;		60
	жұмыртқа қосындысымен		15
14.	Қант мыналармен алмастырылады:	100	
	карамельмен;		50
	тосаппен, джеммен, повидломен;		140
	мармеладпен;		130
	печеньеммен;		100
	вафлимен;		100
	халуамен;		120
	жеміс қағымен		120
15.	Шоколад мыналармен алмастырылады:	100	
	какао ұнтағымен;		150
	халуамен;		150
	табиғи кофемен;		150
	балмен		165
16.	Печенье мыналармен алмастырылады:	100	
	1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген жай галеталармен, білезік тәріздес нан өнімдерімен, вафлимен		85
17.	Томат пастасы мыналармен алмастырылады:	100	
	томат еzbесімен;		200
	томат тұздығымен;		100
	томат тұздығымен, ащы қышқыл деликатесті тұздықпен;		33
	томат шырынымен, жас қызанақпен		500
	Жас жемістер мыналармен алмастырылады:		
	жас жидектермен;		100
	апельсиндермен, мандариндермен;		100
	қарбыздармен;		300

18.	қауындармен;	100	200
	кепкен жемістермен;		20
	сублимациялық кепкен жемістермен немесе жидектермен;		20
	консервіленген компоттармен ² ;		50
	табиғи жеміс және жидек шырындармен;		100
	құрамында құрғақ заты 50%-дан кем емес концентратты жеміс және жидек шырындармен;		20
	сублимациялық кепкен шырындарға;		18
	жеміс сусындармен;		130
	жемістердің және жидектердің сығындысымен;		10
	тосаппен, джемдермен, повидломен;		17
	жеміс және жидек сығындысындағы кисель концентратымен		30
19.	Жеміс және жидек шырындары мыналармен алмастырылады:	100	
	тіске басар көкөніс консервілермен;		50
	лимон қышқылымен және қантпен;		0,5
	томат немесе көкөніс шырынымен;		15
	сиыр сүтімен		300
20.	Кепкен жемістер мыналармен алмастырылады:	100	
	қантпен және шаймен		50/2
21.	Жемісті және жидекті сығындысындағы кисель концентраты мыналармен алмастырылады:	100	
	қантпен және шаймен		15/2
22.	Табиғи кофе мыналармен алмастырылады:	100	
	ерітінді кофемен;		50
	кофе сусынымен;		2

	какао-ұнтағымен;		40
	1 сұрыпты қара байха шаймен		200
23.	Қара байха шай мыналармен алмастырылады:	100	
	еритін шаймен;		25
	кофе сусынымен		80
24.	Қыша ұнтағы мынамен алмастырылады:	100	
	дайын қышамен		300
25.	Картоп крахмалы мыналармен алмастырылады:	100	
	жеміс және жидек сығындысынан кисел концентратымен;		600
	жас картоппен		100
26.	Табиғи спиртті сірке суы мынамен алмастырылады :	100	
	сірке су эссенциясымен		500